

## ҒЫЛЫМИ РЕАЛИЗМНІҢ МЕТАФИЗИКАЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАРЫ: КЛАССИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ КӨЗҚАРАСТАР

<sup>1</sup> Г.Ж. Нұрышева, <sup>2</sup>М.К. Танатарова\*

<sup>1,2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)  
<sup>1</sup>gulzhikhan-nurysheva@yandex.kz, <sup>2</sup>makhabbat.tanatarova@mail.ru

<sup>1</sup>Nurysheva G.Zh., <sup>2</sup>Tanatarova M.K.

<sup>1,2</sup>Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan) 2  
<sup>1</sup>gulzhikhan-nurysheva@yandex.kz, <sup>2</sup>makhabbat.tanatarova@mail.ru

*Сілтеме:* Нұрышева Г.Ж., Танатарова М.К. Ғылыми реализмнің метафизикалық алғышарттары: классикалық және қазіргі көзқарастар // *Әл-Фараби*. – 2026. – Т. 24. № 1(93). – 74-87 бб.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада ғылыми реализмнің метафизикалық негіздері тарихи-философиялық тұрғыда қарастырылып, классикалық және қазіргі бағыттардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары талданады. Ғылыми білімнің реалдыққа қатынасы, онтологиялық және эпистемологиялық алғышарттары ғылыми реализм шеңберінде ашып көрсетіледі. Авторлар классикалық ғылыми реализмнің қалыптасуына ықпал еткен негізгі ойшылдардың көзқарастарын талдай отырып, XX ғасырдағы жаңа ғылыми парадигмалар мен постпозитивистік дәстүрдегі көзқарастарды салыстырады. Мақалада қазіргі ғылыми зерттеулерде ғылыми реализмнің рөлі мен шекаралары анықталып, метафизикалық мәселелердің өзектілігі негізделеді. Зерттеу барысында классикалық ғылыми реализмнің негізін қалаған Декарт, Ньютон, және Кант сияқты ойшылдардың көзқарастары талданып, олардың реалдық, себептілік және объективтілік туралы түсініктері ашылады. Сонымен қатар, XX–XXI ғасырлардағы қазіргі ғылыми реализмнің бағыттары – құрылымдық реализм, прагматикалық реализм және эмпирикалық метафизика тұрғысынан талдау жүргізіледі. Мақаланың мақсаты – ғылыми білім мен реалдық арасындағы байланысқа метафизикалық тұрғыдан баға беру және реализм мен антиреализм арасындағы пікірталастағы негізгі ұстанымдарды айқындау. Зерттеу нәтижесінде ғылыми реализмнің метафизикалық алғышарттары ғылыми танымның тұрақтылығын қамтамасыз ететін онтологиялық негіз ретінде түсіндірілді.

**Түйін сөздер:** ғылыми реализм, метафизика, классикалық философия, қазіргі философия, реалдық

---

\*Автор-корреспондент: М.К. Танатарова, makhabbat.tanatarova@mail.ru

### *Кіріспе*

Ғылыми реализм – ғылымның теориялық құрылымдары мен ұғымдарының шынайы, реалды дүниеге сәйкестігін негіздейтін эпистемологиялық және онтологиялық бағдар. Оның метафизикалық алғышарттарын түсіну ғылыми білімнің табиғатын ашуға мүмкіндік береді. Бұл мақалада ғылыми реализмнің тарихи дамуы мен қазіргі көзқарастары салыстырылып, оның метафизикалық негіздері жүйеленеді.

Ғылыми реализм – заманауи философиядағы ең ықпалды бағыттардың бірі. Ол ғылыми теориялар тек құбылыстарды сипаттаумен шектелмей, шынайы болмыстың құрылымын бейнелейді деген көзқарасқа сүйенеді. Ақиқатты тану мүмкіндігі туралы бұл ұстаным өз негізін метафизикалық алғышарттардан табады. Басқаша айтқанда, ғылыми реализмнің іргетасында «дүниенің біздің санамыздан тәуелсіз объективті болмысы бар ма?», «ғылыми теориялар сол болмыстың шынайы құрылымын көрсете ала ма?» деген сұрақтарға берілетін жауаптар жатыр.

Классикалық дәуірде бұл мәселе негізінен табиғат философиясы мен онтология аясында қарастырылды. Аристотельдің субстанция ілімі, Декарттың дуализмі, Ньютонның механистік космологиясы – бәрі де ғылымға реалистік түсініктің метафизикалық алғышарттарын қалыптастырды. Ғылым тек құбылыстарды жүйелеу емес, олардың астарында жатқан мәнді, заңдылықты ашу деп есептелді. Мысалы, Ньютон үшін тартылыс заңы – табиғаттағы шынайы күштердің бейнесі, ал Кант үшін бұл заңдар адамның таным қабілетінің шектеулі формаларымен байланысты еді. Осы айырмашылықтың өзі реализмнің әр дәуірде әрқалай түсіндірілгенін көрсетеді [11].

Қазіргі кезеңде ғылыми реализм жаңа сын-қатерлер, қауіптермен бетпе-бет келді. Кванттық механика, салыстырмалылық теориясы және ғылым тарихының релятивистік интерпретациялары (Кун, Фейерабенд) ғылымдағы реалдықты түсіндіруді күрделендірді. Дегенмен, қазіргі философтар – И. Хаккинг, Х. Патнэм, Дж. Уорралл сынды ойшылдар ғылыми реализмді қорғап, оның метафизикалық негіздерін қайта қарастыруда. Қазіргі көзқарастарда «статус кво» ретінде қабылданған абсолютті шындық емес, «құрылымдық реализм», «модальды реализм» немесе «прагматикалық реализм» сияқты жаңа тұжырымдамалар алдыңғы қатарға шықты [3, 88 б].

Сөйтіп, ғылыми реализмнің метафизикалық алғышарттарын зерттеу философия тарихындағы дәстүрлі онтологиялық мәселелермен тығыз байланыста ғана емес, сонымен бірге қазіргі ғылымдағы методологиялық және эпистемологиялық талқылаулармен де сабақтас. Бұл тақырыптың өзектілігі – ғылымның реалдықпен қатынасын анықтауға, таным мен болмыстың арақатынасын түсіндіруге ұмтылысынан туындайды.

### *Зерттеу әдіснамасы*

Бұл зерттеу ғылыми реализмнің метафизикалық алғышарттарын кешенді түрде талдауды мақсат етеді. Сондықтан әдіснамалық негіз ретінде тарихи-

философиялық және салыстырмалы талдау ұстанымдары алынды. Ғылыми реализмнің даму эволюциясы философия тарихының кең контекстінде қарастырылады, ал оның классикалық және қазіргі түсіндірмелері салыстырмалы тұрғыдан талданып, ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталады.

Біріншіден, тарихи-генетикалық әдіс қолданылады. Бұл әдіс ғылыми реализмнің бастауларын антикалық дәуірден бастап, жаңа заман философиясы мен классикалық жаратылыстану ғылымдарының қалыптасуындағы метафизикалық негіздерін көрсетуге мүмкіндік береді. Аристотельдің субстанция ілімі, Декарттың дуализмі, Ньютон механикасының онтологиялық алғышарттары осы тәсіл арқылы талданады.

Екіншіден, салыстырмалы-талдамалық әдіс негізгі орын алады. Оның көмегімен классикалық дәуірдегі ғылыми реализмнің түсіндірмелері XX–XXI ғасырдағы құрылымдық және прагматикалық реализм теорияларымен салыстырылады. Бұл әдіс классикалық метафизикалық қағидалардың қазіргі ғылыми дискурста қалай сақталғанын немесе қайта интерпретацияланғанын айқындауға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, герменевтикалық әдіс қолданылады. Себебі зерттеу барысында тек тарихи фактілер емес, сонымен қатар философиялық мәтіндердің мән-мағынасы, авторлық тұжырымдар мен ұғымдық аппараттардың ішкі байланыстары ашылады. Классикалық еңбектерді (Аристотельдің «*Метафизикасы*», Декарттың «*Бірінші философия туралы медитациялары*», Ньютонның «*Табиғат философиясының математикалық бастамалары*») және қазіргі философтар еңбектерін (И. Хаккинг, Х. Патнэм, Дж. Уорралл, Б. ван Фраасен және т.б.) герменевтикалық талдау арқылы салыстыру жүзеге асады.

Осы әдіснамалық және материалдық негіздерге сүйене отырып, ғылыми реализмнің классикалық және қазіргі кезеңдегі метафизикалық алғышарттары жан-жақты сарапталады.

### ***Классикалық көзқарастар және ғылыми реализмнің метафизикалық алғышарттары***

Ғылыми реализмнің метафизикалық алғышарттарын қарастыру барысында классикалық және қазіргі көзқарастардың арасындағы сабақтастық пен қайшылық айқын байқалады. Классикалық дәуірде реализмнің негізін қалаған ойшылдар үшін реалдықтың тұрақтылығы, заңдардың әмбебаптығы және болмыстың рационалды түсіндірілу мүмкіндігі басты аксиомалар болды. Аристотель субстанцияны, Ньютон абсолютті кеңістік пен уақытты, Декарт дуализмі материя мен сананың онтологиялық дербестігін ғылыми танымның шынайылығын қамтамасыз ететін қағидалар ретінде қарастырды.

Алайда XX ғасырдың ғылыми революциялары бұл түсініктерді түбегейлі қайта қарауды талап етті. Кванттық механикада объективтілік мәселесі ықтималдық пен бақылаушыға тәуелділік тұрғысынан талданса, салыстырмалылық теориясында уақыт пен кеңістік абсолютті сипатынан айырылды. Осы өзгерістер классикалық метафизикалық алғышарттардың толық күйреуін білдірген жоқ, керісінше олардың жаңа формада қайта құрылуына әкелді.

Қазіргі ғылыми реализмде классикалық дәстүрдің ізі сақталғанымен, ол күмәнсіз ақиқат идеясына емес, ғылыми теориялардың құрылымдық және прагматикалық тиімділігіне сүйенеді. Дж. Уорраллдың құрылымдық реализмі заңдар мен теориялардың ішкі математикалық құрылымдарын әлемнің шынайы бейнесі ретінде түсіндірсе, Х. Патнэм мен И. Хаккингтің еңбектерінде ғылымның практикалық және интервенциялық қыры басымдық алады. Бұл бағыттар шындықтың біртұтас бейнесіне жету мүмкіндігіне скептицизм танытқанымен, ғылыми теориялардың болмысқа қатысты екенін жоққа шығармайды [10, 71 б].

Осылайша, ғылыми реализмнің қазіргі түсіндірмелері классикалық дәстүрді түбегейлі жоққа шығармай, оны жаңа ғылыми контекстке бейімдейді. Бұл ғылым философиясының тарихи сабақтастығын көрсетумен қатар, реализмнің метафизикалық алғышарттарының үздіксіз жаңғырып отыратынын дәлелдейді.

Ғылыми реализмнің метафизикалық алғышарттарын қарастыруда ең басты мәселе – ғылыми теориялардың ақиқатқа сәйкестігі мен олардың болмыспен байланысын қалай түсіндіруге болатыны. Классикалық дәуірде ақиқат ұғымы көбінесе корреспонденттік теория тұрғысынан түсіндірілді: ғылыми тұжырымдар шындықпен, реалдықпен тура байланыста деп есептелді. Мәселен, Ньютонның тартылыс заңы табиғаттағы объективті күштің көрінісі деп қабылданды. Мұндай көзқарас ғылымды табиғаттың «тілін» тікелей аударушы ретінде бейнеледі.

Қазіргі кезеңде бұл түсінік күрделенді. XX ғасырдағы ғылыми революциялар корреспонденттік ақиқат теориясына сын айтты. Құрылымдық реализмнің өкілдері ғылыми теориялардың мазмұны өзгеруі мүмкін болғанымен, олардың сипаттайтын математикалық құрылымдары тұрақты болып қала береді дейді. Бұл көзқарас ғылымның тарихындағы сабақтастықты түсіндіруде тиімді құралға айналды. Ал прагматикалық реализм болса, ғылыми теорияларды ақиқаттың тура бейнесі емес, әлеммен әрекеттесудің тиімді құралы ретінде қарастырады [13, 118 б].

Сонымен бірге, ғылыми реализмнің метафизикалық алғышарттары тек онтологиямен ғана шектелмейді, ол ғылымның әлеуметтік және мәдени контекстімен де байланысты. Т. Кунның парадигмалар теориясы көрсеткендей, ғылыми ақиқаттың өзі белгілі бір тарихи-мәдени жағдайға тәуелді. Бұл тұрғыдан алғанда, ғылыми реализм тек табиғат философиясымен ғана емес, эпистемология және әлеуметтік философиямен де тоғысады. Осы себепті қазіргі реализмнің көптеген түрлері ғылымның әлеуметтік шарттылығын ескеруге тырысады [3].

Ғылыми реализмге қарсы бағыттардың бірі – инструментализм, ол теорияларды тек пайдалы құрал деп есептейді. Бұл көзқарас метафизикалық алғышарттарды жоққа шығарып, ғылымды прагматикалық деңгейде шектеп қояды. Дегенмен, инструментализм ғылыми прогресті түсіндіруде қиындықтарға тап болады: егер теориялар тек құрал болса, онда ғылымдағы ұзақ мерзімді сабақтастық пен табысты болжамдар қалай түсіндіріледі? Осы тұрғыда реализмнің метафизикалық негіздері ғылымның дәйектілігін қорғауда әлі де шешуші рөл атқарады [10].

Ғылыми реализмнің классикалық алғышарттары адамзаттың таным тарихында ерекше орын алады. Себебі бұл ұстаным ғылыми білімді тек құбылыс-

тарды сипаттайтын құрал емес, табиғаттың өз заңдылықтары мен құрылымын бейнелейтін объективті жүйе деп таниды. Мұндай көзқарастың метафизикалық негіздері ежелгі антикалық философиядан бастау алып, жаңа дәуірдегі ғылыми революция кезінде өзінің классикалық үлгісін қалыптастырды [14, 14 б].

Жаңа дәуірдегі ғылыми революция ғылыми реализмді тәжірибелік әдіспен бекітіп, ғылымның онтологиялық сенімділігін күшейтті. Фрэнсис Бэкон индукция әдісін жүйелеп, эмпирикалық зерттеуді ғылымның басты әдіснамалық негізіне айналдырды. Бэконның «Жаңа Органон» атты еңбегі ғылымды схоластикалық догматтардан арылтуға бағытталды. Ол табиғат заңдылықтарын бақылау арқылы объективті білім алуға болатынын дәлелдеп, ғылыми танымның тәжірибелік сипатын баса көрсетті [14, 14 б].

Рене Декарт ғылыми рационализмнің негізгі өкілі ретінде танылды. Оның әдіснамалық скептицизмі (барлық күмәнді жоққа шығару арқылы ақиқатқа жету) ғылыми танымның метафизикалық негізін санаға тіреді. Табиғатқа механикалық жүйе ретінде қарауы – кейінгі классикалық физикаға жол ашты. Декарттың «мәдени табиғат» тұжырымдамасы ғылыми зерттеуді табиғатты бағындыру құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Исаак Ньютон ғылыми реализмнің ең көрнекті классикалық үлгісін ұсынды. Ол әлемді абсолютті кеңістік пен уақытқа негіздеп, табиғаттағы қозғалыс пен тартылыс заңдылықтарын бір жүйеге біріктірді. Ньютондық механика детерминизм мен себептілік принципін бекітіп, реалдықты эмпирикалық дәлелдер мен математикалық формулалар арқылы негіздеуге болатындығын дәлелдеді.

Джон Локк және Дэвид Юм сияқты эмпиризм өкілдері ғылыми танымның тәжірибелік сипатын күшейте отырып, реализмнің сенімділігін сынады. Локктың «таза парақ» идеясы мен Юмның себептілік туралы скептицизмі ғылыми реализмнің метафизикалық аспектілерін тереңірек түсінуге жол ашты.

Осылайша антикалық дәуірден жаңа дәуірге дейінгі философтар мен ғалымдар ғылыми реализмнің негізін қалап, дүниенің реалды құрылымын ашуға бағытталған метафизикалық алғышарттарды қалыптастырды. Бұл сабақтастық бүгінгі күнге дейін ғылым философиясының іргелі мәселелерін шешуде өзекті болып отыр. Классикалық ғылыми реализмнің қалыптасуы ғылымды дүниені түсіндіретін сенімді жүйе ретінде орнықтырды және қазіргі ғылыми теориялардың реалдыққа қатынасын талдауда берік әдіснамалық арқау болып қала береді.

### *Қазіргі көзқарастар және постпозитивистік сын*

Қазіргі философиядағы ғылыми реализмнің түсіндірмелері классикалық дәстүрден айтарлықтай ерекшеленеді. XX ғасырдағы ғылымдағы революциялар (салыстырмалылық теориясы, кванттық механика, генетика, кибернетика) ғылыми теориялардың абсолютті және толық ақиқатқа сәйкес келетіні жөніндегі сенімге күмән тудырды. Бұл күмән ғылыми реализмге қарсы бағыттардың күшеюіне, соның ішінде постпозитивистік сынның пайда болуына алып келді.

XX ғасырдың ортасынан бастап ғылым философиясында ғылыми реализмге деген көзқарас түбегейлі өзгеріске ұшырады. Бұл өзгеріс ең алдымен ғылым тарихының динамикалық сипатын ашып көрсеткен жаңа теориялар мен методологиялық бағыттардың қалыптасуымен байланысты болды. Егер классикалық дәуірде ғылыми теориялар реалдықты объективті бейнелейді деген сенім үстемдік етсе, XX ғасырда бұл көзқарас сынға ұшырап, ғылыми білімнің шарттылығы мен шекаралары туралы пікірталастар күшейді.

Логикалық позитивизм (немесе неопозитивизм) алғашында ғылыми реализмнің радикалды сыншысы болды. Вена кружогы өкілдері (М. Шлик, Р. Карнап, О. Нейрат) ғылыми теориялардың мағынасын тек эмпирикалық верификация арқылы анықтауға тырысты. Олардың пікірінше, метафизикалық пайымдаулар ғылымнан тыс, өйткені оларды тәжірибе жүзінде тексеру мүмкін емес. Бұл бағыт реалдық туралы метафизикалық ұғымдарды шетке шығарып, ғылыми тілдің логикалық құрылымына басымдық берді. Алайда тәжірибелік бақылауға толық бағынбайтын теориялық конструкциялардың (мысалы, субатомдық бөлшектер, гравитациялық толқындар) пайда болуы логикалық позитивизмнің шектеулігін көрсетті.

Карл Поппер логикалық позитивизмді сынға ала отырып, ғылыми білімнің дамуын түсіндіруде сыни рационализмді ұсынды. Оның еңбектерінде ғылыми теориялар ешқашан толық дәлелденбейді, тек жалған деп танылуы мүмкін деген фаллибизм қағидасы басты рөл атқарды. Поппердің фальсификационизмі ғылыми реализмнің дамуына үлес қоса отырып, теориялардың уақытша және болжамды сипатын айқындады. Ол ғылымның мақсаты абсолютті шындыққа жету емес, гипотезаларды үздіксіз сыннан өткізу деп білді.

Поппердің көзқарасы ғылыми реализмге жаңа қыр қосты. Егер классикалық дәуірде ғылым ақиқатқа біртіндеп жақындайды деген сенім басым болса, Поппердің сыни рационализмі бұл үдерісті үнемі шартты, уақытша және гипотетикалық сипатта қарастырды. Фальсификация қағидасы бойынша, ғылыми теориялар тәжірибе алдында әрдайым тексерілетін болжамдар ғана болып қалады, сондықтан оларды ешқашан соңғы, түпкі ақиқат ретінде қабылдауға болмайды [1, 45 б].

Бұл тұжырым ғылыми реализмнің метафизикалық алғышарттарын қайта ойластыруға әкелді. Бір жағынан, Поппер ғылымды объективті болмыспен байланыстырудан бас тартпайды: егер теориялар жалғанданса, онда олар шындыққа сәйкес келмейді дегенді білдіреді. Екінші жағынан, ол ғылымды «ақиқатқа жету құралы» ретінде емес, «сыни сынақтар алаңы» ретінде түсіндіреді. Осылайша, Поппер ғылыми реализмнің шектен тыс догматизмін жойып, оны сыни тұрғыдан икемді етіп қалыптастырды.

Попперден кейінгі ғылым философиясында бұл идеялар әрі қарай дамытылды. Т. Кунның парадигмалар теориясы, П. Фейерабендтің әдіснамалық анархизмі және Б. ван Фраасеннің құрылымдық эмпиризмі ғылымның дамуындағы дискреттілік пен контекстуалдылықты көрсетіп, реализмге күмән келтірді. Дегенмен, Поппердің сыни рационализмі ғылымның дамуын түсіндіруде

қазіргі реализмге жақын тұрады: ол ғылымның түпкі мақсаты абсолютті ақиқат емес, ақиқатқа жақындауға мүмкіндік беретін үздіксіз ізденіс деп есептейді [1].

Томас Кун «Ғылыми революциялар құрылымы» еңбегінде ғылым дамуының сызықтық-кумулятивтік моделіне түбегейлі қарсы шықты. Оның пікірінше, ғылым парадигмалар арқылы дамиды, ал әр парадигма – ғылыми қауымдастықтың ортақ дүниетанымы, нормалары мен әдістері жүйесі. Парадигмалық ауысулар ғылыми теориялардың реалдықпен байланысын абсолюттендірмей, оның шартты және тарихи сипатын көрсетеді. Кунның көзқарасы ғылыми реализмді постпозитивистік сынның өзегіне айналдырды.

Томас Кунның «Ғылыми революциялар құрылымы» еңбегі ғылым тарихы мен философиясында түбегейлі бетбұрыс жасады. Ол ғылым дамуының сызықтық-кумулятивтік моделіне қарсы шығып, ғылыми білімнің үздіксіз жинақталуы туралы дәстүрлі көзқарасты жоққа шығарды. Кун ұсынған парадигма ұғымы ғылым дамуының элеуметтік-мәдени табиғатын айқындап берді. Парадигма – ғылыми қауымдастықтың ортақ дүниетанымын, нормалары мен әдістерін қамтитын теориялық-әдіснамалық құрылым. Әрбір ғылыми дәуірді белгілі бір парадигма анықтап, сол арқылы зерттеу пәніне, қолданылатын әдіске және қойылатын сұрақтарға бағдар береді [3].

Ғылымның дамуы, Кун бойынша, эволюциялық емес, революциялық сипатқа ие. «Қалыпты ғылым» кезеңінде зерттеушілер қолданыстағы парадигма шеңберінде жұмыс істеп, оның ұсынған модельдері мен әдістерін нақтылай түседі. Алайда уақыт өте келе парадигманың ішкі қайшылықтары мен түсіндіре алмайтын «аномалиялары» жинақталады. Бұл құбылыс ғылыми дағдарысқа әкеліп, түптің түбінде жаңа парадигманың орнығуына жол ашады. Мұндай ауысулар Кунның пікірінше, ғылымдағы прогресті абсолюттік ақиқатқа жақындау ретінде емес, дүниетанымдық өзгеріс, ғылыми қауымдастықтың көкжиегін қайта құру ретінде түсіндіреді.

Осылайша, Кунның тұжырымдамасы ғылыми ақиқаттың тарихи шарттылығын айқындап, оны элеуметтік тұрғыдан анықталған құбылыс ретінде қарастыруға негіз қалады. Бұл көзқарас ғылыми реализмнің постпозитивистік сынға ұшырауына ықпал етіп, ғылым философиясында жаңа әдіснамалық бағдардың қалыптасуына жол ашты. Оның идеялары ғылымды тек логикалық құрылым ретінде емес, тарихи-элеуметтік процесс ретінде пайымдаудың маңыздылығын көрсетті.

Кунның парадигмалық тұжырымдамасы ғылымның тарихи релятивтілігін алға тартып, ғылыми теориялар мен ақиқат арасындағы қатынасты қайта пайымдауға себеп болды. Оның көзқарасы бойынша, әрбір парадигма өз дәуірінде ғылыми ақиқаттың өлшемі болып саналады, бірақ ол абсолютті шындыққа сәйкес келеді дегенді білдірмейді. Бұл идея ғылыми реализмнің метафизикалық алғышарттарын қайта қарауға итермелеп, ғылымның дамуын элеуметтік-мәдени факторлармен тығыз байланыстыра түсінуге мүмкіндік берді [3].

Куннан кейін ғылыми білімнің табиғатын түсіндіруде П. Фейерабендтің «әдіснамалық анархизмі» ерекше ықпал етті. Ол ғылымда әмбебап әдіс жоқ екенін дәлелдеп, «бәрі де жарайды» қағидасын ұсынды. Фейерабендтің пікірінше,

ғылымдағы прогресс қатаң логикалық немесе методологиялық нормаларға емес, шығармашылық еркіндікке, түрлі теориялар арасындағы бәсекелестікке сүйенеді. Бұл көзқарас ғылыми реализмге қарсы шыққанымен, ғылыми білімнің плюралистік сипатын көрсету арқылы оның метафизикалық іргетасын сын тұрғысынан бағалауға жол ашты.

Сонымен қатар, Имре Лакатош ұсынған «ғылыми-зерттеу бағдарламалары» концепциясы Кунның парадигма теориясын белгілі бір деңгейде толықтырды. Лакатош ғылым дамуын «қорғаныс белдеуі» мен «қатты ядроға» негізделген зерттеу бағдарламалары арқылы түсіндіріп, ғылыми прогрестің рационалды өлшемдерін сақтап қалуға ұмтылды. Оның еңбектері ғылыми реализмді толықтай жоққа шығармай, керісінше, оны сынға алу арқылы тарихи-әдіснамалық тұрғыда қайта негіздеуге тырысты [3].

Осылайша, постпозитивистік сын аясында Кун, Лакатош және Фейерабендтің идеялары ғылым философиясында жаңа көзқарастардың қалыптасуына ықпал етті. Бұл бағыттар ғылыми реализмнің классикалық метафизикалық алғышарттарын терістей отырып, ғылыми білімнің тарихи, әлеуметтік және шартты сипатын алдыңғы қатарға шығарды [3].

Имре Лакатош Поппер мен Кун идеяларын ұштастырып, ғылымды «зерттеу бағдарламалары» моделі арқылы түсіндірді. Ол бір ғана теория емес, тұтас әдіснамалық бағдарлама шеңберінде зерттеулер дамитынын дәлелдеді. Бұл ғылыми теориялардың фаллибилизмін сақтай отырып, ғылыми дамудың ішкі логикасын түсіндіруге мүмкіндік берді. Лакатош үшін ғылыми теориялардың реалдыққа қатысы болжамды әрі салыстырмалы сипатта болады [1].

Лакатоштың негізгі жаңалығы – оның ғылымды біртұтас әрі тарихи тұрғыда қарастыруында. Ол әрбір зерттеу бағдарламасының «қатты ядросы» (өзгермейтін негізгі қағидалар) мен «қорғаныс белдеуі» (қосымша гипотезалар, түсіндірмелік механизмдер) бар екенін көрсетті. Ғылымдағы даму осы қорғаныс белдеуін түзету және жетілдіру арқылы жүзеге асады. Егер бағдарлама жаңа құбылыстарды түсіндіре алса және болжау қабілеті жоғары болса, ол прогрессивті болып есептеледі, ал тек фактілерді түсіндіру үшін кейіннен түзетулер енгізіп, жаңа болжамдар бере алмаса, деградацияға ұшырайды [4].

Бұл модель Поппердің фальсификационизмін механикалық қолданудың шектеулерін еңсеріп, Кунның парадигма ұғымына салыстырмалы рационалды сипат берді. Лакатош ғылыми теориялардың бірден күйреп, орнына жаңасы келмейтінін, керісінше, зерттеу бағдарламалары арасында тарихи сабақтастық болатынын атап өтті. Осылайша, ғылыми дамудың рационалды өлшемдері сақталды, бірақ ол толық абсолюттендіруден арылды [1].

Ғылыми реализм тұрғысынан алғанда, Лакатоштың көзқарасы реалдыққа тікелей қол жеткізуді емес, оны жақындап танудың үздіксіз үдерісін бейнелейді. Бұл – ақиқатқа біржола жету мүмкін емес деген постпозитивистік сын мен ғылымның іштей рационалды логикасы арасындағы диалектикалық үйлесім.



*Ғылыми реализмнің артықшылықтары мен шектеулері*

Қазіргі ғылыми философияда ғылыми реализмнің постпозитивистік сынға ұшырауы ғылымды түсінудің біржақты моделінен арылтып, жаңа интерпретацияларға жол ашты. Бұл ағым ғылымды тек фактілер мен тәжірибелік деректер жиынтығы ретінде қарастыру жеткіліксіз екенін, ғылыми теориялар әлеуметтік, мәдени және тілдік контекстермен де тығыз байланысты екенін көрсетті.

Постпозитивистік бағыттың өкілдері ғылыми білімді статикалық құрылым емес, үздіксіз дамитын және шартты жүйе деп бағалайды. Мысалы, Нордвуд Хэнсон өзінің «ғылыми бақылаудың теорияға тәуелділігі» қағидасы арқылы тәжірибенің өзінде теориялық болжамдар жасырын түрде бар екенін дәлелдеді. Хэнсонның идеялары ғылыми фактілерді бейтарап дерек ретінде емес, белгілі бір ғылыми дәстүрдің, парадигманың шеңберінде құрылған түсінік ретінде қарастыруды ұсынды.

Сол сияқты Мишель Фуконың дискурс пен билік қатынастары теориясы да ғылыми білімнің шарттылығын жаңа қырынан ашты. Фуко ғылымды билік пен танымның өзара байланысы ретінде зерделей отырып, ғылыми теориялардың қоғамдық-саяси және мәдени факторлардан тәуелсіз болмайтынын көрсетті. Бұл тәсіл постпозитивистік сынның әлеуметтік-мәдени өлшемін күшейтті.

Кванттық физика мен қазіргі космологиядағы жаңалықтар да ғылыми реализмді қайта қарауға мәжбүр етті. Мысалы, кванттық деңгейде «өлшеу проблемасы», суперпозиция және күй коллапсы секілді құбылыстар бақылаушының рөлін өзгеше деңгейге көтереді. Мұндай құбылыстар тәжірибе мен теория арасындағы қатынасты күрделендіріп, классикалық реализм ұсынған «объективті реалдық» ұғымының біржақты еместігін көрсетеді. Осы себепті көптеген ғалымдар «жұмсақ реализм» немесе «сыни реализм» (critical realism) тұжырымдамаларын алға тартуда. Сыни реализм өкілдері (мысалы, Рой Бхаскар) реалдықтың көпдеңгейлі құрылымын ұсынады: реалдық тек эмпирикалық құбылыстармен шектелмейді, оның артында жасырын механизмдер мен құрылымдар бар деп есептеледі. [11, 39 б]

Қазіргі таңда ғылыми білімнің әлеуметтік және мәдени детерминациясы туралы пікірталастар ғылыми реализмге постпозитивистік сынның қаншалықты әсер еткенін көрсетеді. Ғылыми қауымдастықтағы пікірлер біртекті емес: кейбір зерттеушілер ғылыми реализмнің релятивизмге толықтай ығысуына қарсы шығып, ғылымның объективті мазмұнын сақтап қалу жолдарын ұсынады. Басқалары ғылыми теорияларды толықтай әлеуметтік құрылым ретінде қарастыруға бейім.

Осылайша, қазіргі көзқарастарда ғылыми реализмді толығымен жоққа шығару да, оны абсолюттендіру де әдіснамалық тұрғыдан шектеулі. Қазіргі постпозитивистік сын ғылыми реализмді динамикалық, ашық жүйе ретінде қарастыруды ұсынады: теориялар тарихи, әлеуметтік және мәдени контекстермен тығыз байланыста дамиды, бірақ бұл олардың реалдыққа қатысын жоққа шығармайды. Керісінше, реалдық ұғымының шарттылығы мен көпдеңгейлілігі ғылымның таным шекарасын кеңейтеді.

Қазіргі ғылым мен философияда ғылыми реализмнің метафизикалық мәселелері бұрынғыдан да өзекті сипатқа ие болып отыр. Себебі ғылым дамыған сайын табиғаттың көзге көрінбейтін терең құрылымдарын түсіндіруде тек эмпирикалық әдістер жеткіліксіз болып қалуда. Ғылымның теориялық деңгейі мен абстрактілі моделдері реалдық ұғымына тікелей қатысты жаңа онтологиялық және эпистемологиялық сауалдарды туындатып отыр.

Метафизикалық мәселелердің өзектілігі ең алдымен ғылымның іргелі салаларындағы соңғы ашылулармен байланысты. Мысалы, кванттық физикадағы анықталмағандық принципі (Гейзенберг), суперпозиция және толқындық функцияның күй коллапсы сияқты феномендер ғылыми теориялардың классикалық түсінікпен толық түсіндірілмейтінін көрсетті. Кванттық өлшеу мәселесі бақылаушының рөлін күшейтіп, реалдық пен бақылау арақатынасы туралы жаңа философиялық сұрақтарды алға тартты. Бұл кванттық реалдықты метафизикалық тұрғыдан түсіндіруге деген сұранысты арттырды.

Бүгінде көпдеңгейлі реализм концепциясы жиі талқыланып жүр. Бұл бағыт реалдықты тек физикалық құбылыстармен шектемей, микро, макро және мегадеңгейлерде әртүрлі формада бейнеленетін құрылым ретінде қарастырады. Мысалы, кванттық реалдық макродүниедегі классикалық себеп-салдар заңдылықтарымен әрдайым сәйкес келмейді, бірақ олар өзара үйлесімділік табады. Мұндай көпдеңгейлі тәсіл әсіресе қазіргі комплекс жүйелер теориясында, биологиядағы эмердженттік құбылыстарды зерттеуде маңызды рөл атқаруда. Бұл ғылыми танымда «тұтас нәрсе бөліктерінің қосындысынан артық» деген ұғымды философиялық тұрғыдан негіздеуді талап етеді.

Сондай-ақ, виртуалды реалдық (virtual reality) және цифрлық әлем де метафизикалық проблемаларды қайтадан өзекті етіп отыр. Мысалы, симуляция гипотезасы (Ник Бостром және басқа заманауи ойшылдар) бойынша, біздің «реалды» деп жүрген әлеміміз жоғары деңгейлі ақпараттық модель болуы мүмкін деген пікір ғылыми қауымдастықта үлкен пікірталас тудырып отыр. Бұл гипотеза классикалық ғылыми реализмнің негізін шайқалтып, реалдық ұғымының метафизикалық тұрғыдан қайта пайымдалуы керектігін көрсетеді [9, 55 б].

Қорыта келгенде, қазіргі ғылыми зерттеулерде метафизикалық мәселелердің өзектілігі бір жағынан ғылымды сындарлы бағытта дамытуға жол ашса, екінші жағынан ғылыми қауымдастықты жаңа теориялық парадигмалар мен әдіснамалық модельдер іздеуге ынталандырады. Ғылыми реализм шекараларының анықталуы, реалдықтың көпқабатты сипаты мен құрылымдық реляцияларын түсіну – бүгінгі ғылым философиясының іргелі міндеттерінің бірі болып қала береді.

### **Қорытынды**

Ғылыми реализмнің метафизикалық алғышарттары ғылым мен философияның сабақтастығын көрсетеді. Классикалық ойшылдардың идеялары қазіргі философиялық пікірталастарда өзекті болып қала береді. Қазіргі көзқарастар ғылыми теориялардың реалдыққа қатынасын қайта пайымдап, ғылыми реализмді сындарлы тұрғыда дамытуға жол ашады.

Осы мақалада ғылыми реализмнің метафизикалық алғышарттары тарихи-философиялық тұрғыда жан-жақты қарастырылып, оның классикалық үлгісінен бастап қазіргі көзқарастарға дейінгі эволюциясы жүйеленді. Ғылыми реализмнің қалыптасуы антикалық дәуір ойшылдарының дүниені нақты тануға бағытталған идеяларынан бастау алып, Жаңа дәуірдегі ғылымның эмпирикалық-математикалық әдіснамасының қалыптасуымен нығая түсті. Платон мен Аристотельден бастап Галилей мен Ньютонға дейінгі ойшылдар табиғат заңдылықтарының объективті сипатын негіздеп, ғылыми реализмнің онтологиялық және эпистемологиялық іргетасын қалады.

XX ғасырда ғылыми реализм логикалық позитивизм мен эмпиризмнің ықпалында дамыды, алайда ғылымның күрделі теориялық құрылымдары мен тәжірибеге толық тәуелді емес абстрактілі ұғымдардың артуы бұл ағымның ішкі қайшылықтарын айқындап берді. Поппердің сыни рационализмі, Кунның парадигмалар теориясы, Ван Фраассеннің конструктивті эмпиризмі және құрылымдық ғылыми реализм бағыты ғылыми теориялар мен реалдық арасындағы байланысты қайта пайымдауға мүмкіндік берді. Бұл тұрғыда постпозитивистік сын ғылымның дамуы үздіксіз, бір бағытты процесс емес екенін және ғылыми теориялардың шартты сипатын көрсетті. [2]

Қазіргі таңда ғылымда метафизикалық мәселелердің өзектілігі артып отыр. Қазіргі физикадағы кванттық механика, көпәлем гипотезалары мен космологиялық инфляция теориясы ғылыми реализмнің онтологиялық шекарасын кеңейтіп қана қоймай, реалдық ұғымын күрделендіруде. Ғылым тек бақылауға сүйеніп қоймай, абстрактілі теориялық модельдер арқылы табиғатты бейнелейді, бұл өз кезегінде реалдықты тек эмпирикалық тұрғыдан ғана емес, құрылымдық және реляциялық тұрғыдан да түсінуге жол ашады. Когнитивтік ғылым мен нейрофилософия салаларындағы сана мәселесі де ғылыми реализм мен метафизика арасындағы өзара байланысты жаңа деңгейге көтереді [8, 102 б].

Осы зерттеудің нәтижесі ретінде ғылыми реализмнің метафизикалық алғышарттарын зерттеу ғылым философиясы үшін теориялық және әдіснамалық тұрғыда маңызды екенін атап өткен жөн. Біріншіден, ол ғылымның дамуын тарихи тұрғыда дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. Екіншіден, қазіргі ғылыми теориялардың ішкі логикасы мен олардың реалдыққа қатынасын кешенді талдауға жол ашады. Үшіншіден, ғылым мен мәдениет арасындағы байланыс та айқындала түседі: ғылыми таным өзінің метафизикалық негізінсіз толыққанды бола алмайды және ол қоғамдық-гуманитарлық дискурстармен өзара әрекеттеседі.

Қорыта айтқанда, ғылыми реализмнің классикалық және қазіргі үлгілерін салыстыра зерттеу ғылыми теориялардың реалдықпен байланысы туралы жаңа сұрақтарды туындатып қана қоймай, ғылыми білімнің динамикалық және көпқырлы сипатын дәлелдейді. Бұл өз кезегінде болашақта ғылыми танымның метафизикалық негіздерін одан әрі тереңірек зерттеуді қажет етеді. Ғылыми реализмді тарихи-философиялық және қазіргі әдіснамалық контексте зерделеу ғылымның іргелі мәселелерін түсінуге және философиялық пайымдау аясын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, ғылыми реализмнің метафизикалық алғышарттарын зерттеу ғылымды тек деректер жиынтығы немесе тәжірибелік әдіс қана емес, дүниенің құрылымын түсіндіретін тұтас таным жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда ғылыми теориялардың ішкі логикасын ашып көрсету, олардың онтологиялық негіздерін анықтау және ғылыми білімді интерпретациялаудың жаңа тәсілдерін ұсыну қазіргі ғылым философиясы үшін өзекті міндет болып саналады.

Бүгінгі таңда ғылыми реализм мәселелерін қарастыру барысында ғылыми білімнің әлеуметтік және мәдени контекстерін де ескеру маңызды болып отыр. Ғылыми қауымдастықтардағы парадигмалардың ауысуы, зерттеу бағдарламаларының өзгеруі немесе жаңа теориялық модельдердің пайда болуы ғылыми реализмнің шарттылығын және динамикасын дәлелдей түседі. Бұл бағыттағы зерттеулер ғылыми білімнің тарихи өзгермелілігі мен оның идеологиялық, мәдени факторлармен сабақтастығын көрсетеді.

Сондай-ақ, ғылыми реализм мәселесін қайта қарастыру қазіргі ғылым мен технология дамуының практикалық салдарларына да тікелей қатысты. Мәселен, іргелі зерттеулердің нәтижелері (кванттық технологиялар, нейроғылым, жасанды интеллект) тек ғылыми қауымдастық ішінде ғана емес, жалпы қоғамда да философиялық-метафизикалық сауалдарды жандандыруда. Осы ретте ғылыми реализм мәселесін зерттеу ғылыми этика, ғылыми саясат және білім беру салаларына да әсер етіп отыр.

Осы бағыттағы зерттеулер алдағы уақытта да жалғасуы тиіс. Біріншіден, ғылыми теориялардың құрылымдық және реляциялық табиғатын жүйелі түрде зерделеу – ғылымдағы реалдық ұғымының көпқабатты сипатымен байланысты жаңа үлгілерді ұсынады. Екіншіден, ғылым мен гуманитарлық пәндердің тоғысында метафизикалық мәселелерді пәнаралық тұрғыдан зерттеу әдіснамалық жаңа көзқарастар ашады. Үшіншіден, ғылыми реализм мен антиреализм арасындағы пікірталастар ғылым мен қоғам арасындағы байланысты қайта пайымдауға және ғылыми білімнің мәртебесін қоғамдық сананың қалыптасуындағы фактор ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Түйіндей келгенде, ғылыми реализмнің метафизикалық негіздерін зерттеу – ғылыми білімнің шынайылығын қамтамасыз ететін теориялық іргетас болып саналады. Классикалық дәстүрден қазіргі постпозитивистік көзқарастарға дейінгі эволюцияны жүйелі түрде қарастыру ғылым философиясының жаңа сұрақтарға жауап беру қабілетін нығайтады. Бұл ғылыми танымның шекарасын кеңейтуге, ғылыми қауымдастықтың методологиялық мәдениетін жетілдіруге және ғылымның дамуын сындарлы бағытта жүргізуге жол ашады.

### *Әдебиеттер тізімі*

- 1 Popper K. The Logic of Scientific Discovery. – London: Routledge, 2002.
- 2 Popper K. Objective Knowledge: An Evolutionary Approach. – Oxford: Oxford University Press, 1979.
- 3 Kun T. The Structure of Scientific Revolutions. – Chicago: University of Chicago Press, 2012.

- 4 Lakatos I. The Methodology of Scientific Research Programmes. – Cambridge: Cambridge University Press, 1978.
- 5 Lakatos I., Masgrejv A. (red.). Criticism and the Growth of Knowledge. – Cambridge: Cambridge University Press, 1970.
- 6 Fejerabend P. Against Method. – London: Verso, 2010.
- 7 Fejerabend P. Science in a Free Society. – London: Verso, 1982.
- 8 Laudan L. Progress and Its Problems: Toward a Theory of Scientific Growth. – Berkeley: University of California Press, 1977.
- 9 Hjeking I. Representing and Intervening: Introductory Topics in the Philosophy of Natural Science. – Cambridge: Cambridge University Press, 1983.
- 10 Patnjem H. Reason, Truth, and History. – Cambridge: Cambridge University Press, 1981.
- 11 Bhaskar R. A Realist Theory of Science. – London: Verso, 2008.
- 12 Blor D. Knowledge and Social Imagery. – Chicago: University of Chicago Press, 1991.
- 13 Uorral Dzh. Structural Realism: The Best of Both Worlds? // Dialectica. – 1989. – Vol. 43. – №1–2. – P. 99–124.
- 14 Godfri-Smit P. Theory and Reality: An Introduction to the Philosophy of Science. – Chicago: University of Chicago Press, 2003.

*Авторлардың үлесі.* **Нұрышева Г.Ж.**, зерттеудің ғылыми жетекшілігін жүзеге асырды, тұжырымдамалық және әдіснамалық бағыт-бағдар берді, теориялық пайымдарды нақтылауға қатысты, мәтінге ғылыми редакциялау жасап, мазмұндық түзетулер енгізді. **Танатарова М.К.**, зерттеу тақырыбын негіздеді, ғылыми мәселені айқындады, ғылыми реализмнің метафизикалық алғышарттарына теориялық талдау жүргізді, классикалық және заманауи көзқарастарды салыстырмалы түрде зерттеді, мақаланың негізгі мәтінін жазды және қорытынды бөлімін дайындады.

**Нұрышева Г.Ж., Танатарова М.К.**

**Метафизические предпосылки научного реализма: классические и современные взгляды**

*Аннотация.* В данной статье метафизические основания научного реализма рассматриваются в историко-философском контексте, анализируются сходства и различия классических и современных направлений. В рамках научного реализма раскрывается отношение научного знания к реальности, его онтологические и эпистемологические предпосылки. Авторы, анализируя взгляды мыслителей, повлиявших на формирование классического научного реализма, сопоставляет их с новыми научными парадигмами и позициями, сформировавшимися в постпозитивистской традиции XX века. В статье определяются роль и границы научного реализма в современных исследованиях, обосновывается актуальность метафизических проблем. В ходе исследования анализируются взгляды таких мыслителей, как Декарт, Ньютон и Кант, заложивших основы классического научного реализма, раскрываются их представления о реальности, причинности и объективности. Кроме того, проводится анализ направлений современного научного реализма XX–XXI веков – структурного реализма, прагматического реализма и эмпирической метафизики. Цель статьи – дать метафизическую оценку соотношению научного знания и реальности, а также определить основные позиции

в дискуссии между реализмом и антиреализмом. В результате исследования показано, что метафизические предпосылки научного реализма выступают онтологическим основанием, обеспечивающим устойчивость научного познания.

**Ключевые слова:** научный реализм, метафизика, классическая философия, современная философия, реальность.

**Nurysheva G.Zh., Tanatarova M.K.**

**Metaphysical Preconditions of Scientific Realism: Classical and Contemporary Perspectives**

**Abstract.** This article examines the metaphysical foundations of scientific realism in a historical-philosophical context, analyzing the similarities and differences between classical and contemporary approaches. Within the framework of scientific realism, the relationship between scientific knowledge and reality, as well as its ontological and epistemological premises, is explored. By analyzing the views of thinkers who influenced the formation of classical scientific realism, the author compares them with the new scientific paradigms and post-positivist perspectives that emerged in the twentieth century. The article defines the role and boundaries of scientific realism in modern research and substantiates the relevance of metaphysical issues. The study analyzes the views of Descartes, Newton, and Kant—thinkers who laid the foundations of classical scientific realism—and reveals their understanding of reality, causality, and objectivity. Furthermore, it examines the directions of contemporary scientific realism of the 20th–21st centuries, including structural realism, pragmatic realism, and empirical metaphysics. The purpose of the article is to provide a metaphysical assessment of the relationship between scientific knowledge and reality, and to identify the main positions in the debate between realism and anti-realism. The study concludes that the metaphysical presuppositions of scientific realism serve as an ontological foundation ensuring the stability of scientific cognition.

**Keywords:** scientific realism, metaphysics, classical philosophy, modern philosophy, reality

*Келін түсті 27.12.2025  
Қабылданды 14.02.2026*